

Бүгінде кол жинап, тіркеуден сәтті өткен президенттікке кандидаттар үгіт-насихат жұмыстарына кірісіп, сайлауалды бағдарламаларын ұсынып, ел аралап жүр. Осы орайда танымал экономист, академик Оразалы Сәбден жеті кандидатка ел үшін маңызды мәселелер қамтылған жеті сұрағын жолдап отыр.

**Оразалы СӘБДЕН,**

**академик**

1. Еліміздегі асқынған қоғамдық дерттердің бірі – *сыбайл-ас* жемқорлықты (Давос экономикалық форум дерегінше, әлемде 102-орын) жөнуде, әсіресе бюджет қаржысына қол салуды тоқтатуда қандай батыл іс-шаралар қолданасыз?

2. Қазақстанда *жана идеологияны* қалыптастыру үшін бәрібір халыққа ортақ құндылық деп нені айтуға болады? Қасан тартқан сананы қалай өзгертеміз? Әр адамға өте қажет деп не көмек береміз?

3. Соңғы 28 жылда түралап қалған *ауылды* қалай көтересіз? Еліміздегі 3 миллионнан аса жұмыссыздықты тез арада қалай жоясыз?

4. Өте өзекті болып тұрған *жер мен тіл* тағдырын қалай шешесіз?

5. Құлдыраған *ғылымға*, сапа-сыз және тәрбиесіз *білімге*, сын қотермейтін *денсаулық* саласы-на қалай серпіліс бере-міз?

6. *Орта тапты* қалай тез арада қалыптастырамыз? *Шағын- және орта кәсіпте* өте үлкен мүмкіндігімізді қалай пайдаланамыз? Шағын кәсіпті елге нәсіп ете аламыз ба?

7. Мемлекетті басқару жүйесін түбегейлі өзгертесіз бе, жоқ әлде осы жолмен жүре берем-із бе? Парламенттік республикаға қошуге қозғарасыңыз қандай?

*Президенттікке үміткерлер үнсіз қалмай, қойылған сауалдарға жауап береді деген үміттеміз. Мәселеге қатысты академиктің өз жауабы мен тығырықтан шығу жолының нұсқасы даяр екенін де айта кетейік.*